

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Кәсіби бағдар беруші педагогтың атқарылған
2023-2024 оқу жылындағы жұмыстар есебі**

Кәсіптік бағдар беруші педагог : М.Сатымбекова

2023-2024 оқу жылы


Абай ауыл

**«№ 3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп»кмм
кәсіби бағдар беруші педагогтың 2023-2024 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстары туралы мәлімет.**

«№ 3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырылған кәсіптік бағдар беруші қызметтің басты мақсаты білім алушылардың кәсіби қызығушылығына жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім алудағы және кәсіби саладағы мүмкіндіктерді, мамандықты және оқу орнын еркін әрі саналы түрде таңдау құқтарын іске асыру. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап кәсіптік бағдар беруші педагог мамандығы бойынша жұмыс бастадым. Жоспарды жасап, бекітіп болған соң 1-11 сынып оқушыларының тізімін алып жұмыс жасадым. 5-6 қыркүйек аралығында мұғалімдерді сынып жетекшілерді кәсіптік бағдар берудегі нұсқау бұйрық шешімдерімен таныстырдым. Сонымен бірге бітіруші түлектердің оқушылардың мамандық саласы бойынша оқулықпен қамтылуын қамтамасыз етілгенін атап айттым. 10-сыныпты комплектілеу оқыту бағытын айқындап екі бағытқа бөліп «Профиль» әдістемесі бойынша сауалнама алынды. Қыркүйек айында жоспарлы түрде 9-11 сынып оқушыларына «Мамандық таңдауда нені ескеру керек?» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргіздім. 13-14 күндер аралығында 11-сынып оқушыларынан «Профиль» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша көптеген оқушылар өз ойларын нақты жазғаны белгілегені жақсы көрініс тапты. 9,11 сынып Оқушылардың басым көпшілігі мамандықтарын әлі таңдамағандары анықталды. Кейбіреулері ғана ата-аналары таңдаған мамандықты құптап отырғаны көрініс тапты оқушылардан мамандық таңдауға дайындығын анықтау сауалнамасын алдым.

9 сынып оқушыларының 2023–2024 оқу жылындағы мамандық бойынша алынған сауалнама нәтижесі.


Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
9 «А»	24	11	13
9 «Ә»	17	8	9
Барлығы	41	19	22




Сауалнама нәтижесі бойынша жалпы 9 «А» сыныпта 24 оқушы бар.

2023 – 2024 оқу жылының мамандық бойынша алынған сауалнаманың нәтижесі

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
11 «А»	12	9	3
11 «Ә»	14	10	4
Барлығы	26	19	7



9 «А» сыныпта 24 оқушы бар,оның жаратылыстану бағытын таңдағанын оқушы саны 11 оқушы болды. Ал оның қалған 13 оқушысы гуманитарлық бағытын таңдағаны анықталды. 9 «Ә» сыныпта жалпы оқушы саны 17 оның 8 жаратылыстану бағытын таңдағаны ал, 9 оқушы гуманитарлық бағытын таңдағаны анықталды. Мектебіміз де бітіруші түлектер саны жалпы 27 оқушы. Оның 13оқушысы 11 «А» сынып түлектері. 1 оқушы денсаулығына байланысты үйде оқытылады. Қалған 12 оқушы өздерінің таңдау мамандықтарына қарай 9 оқушы жаратылыстану бағытын таңды. 3 оқушы гуманитарлық бағытын таңдағаны анықталды. 11 «Ә» сыныпта жалпы 14 оқушы бар .Оның 10 оқушысы жаратылыстану бағытын таңдады.Ал қалған 4 оқушы гуманитарлық бағытын таңдағандары сауалнама нәтижесі бойынша анықталды. 10-11 сынып оқушыларына «Мен мамандық таңдаймын» оқушыларға АКТ залында мұғалімдердің қатысуымен кеңестер берілді. АББ нің тапсырмасы негізінде оқушыларға ZOOM платформасы арқылы көптеген тапсырмалар келіп оқушыларды таныстырдым.



Қазан айында 5-6 сынып оқушылардың бейімділігін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар өздерінің болашақта қандай маман иесі болатындарын белгілеп өтті. 1-4 сынып оқушыларының қызығушылық картасы толтырылды. Ол картада оқушының оқу үлгерімі пәнге қызығушылықтары қандай маман иесі болатындары туралы көрсетілген. 3-4 сынып оқушыларынан бастауыш сынып оқушыларымен ішкі психологиялық ресурстарын дамыту мақсатында сурет арқылы жұмыстар жүргізіліп қандай мамандыққа бейім екендері анықталды. АББ келген тапсырмаларды уақытында орындап оқушылармен байланыс жасап отырдым



Қараша айында 9-сынып оқушыларынан Е.А.Климовтың дифференциалдық сауалнамасы алынды. Мақсаты болашақ мамандыққа деген қызығушылықтарын белгілеу. «Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина 8-11 сынып оқушыларынан алынды. 8-11 сынып оқушыларынан «Адам өміріндегі еңбектің рөлі» тақырыбында эссе алынды. Оқушылар әртүрлі мамандық иесін таңдап, ойларын ашық жазды. 8-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мақсаты оқушылардың кәсіби біліктіліктерін анықтау мақсатында сауалнама алынды.



10-11 сынып оқушыларына АББ –нен келген тапсырмалармен таныстырылып түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жинақтарға қосылып



Желтоқсан айында оқушыларға мамандықтары туралы кеңес беріліп оларды ақпараттандырып отырдым. 9-11 сынып оқушыларымен жеке бейімділіктерін анықтау мақсатында «Холланд» сауалнамасы алынды.

9 «ә» сынып оқушыларының Дж.Холландтың сауалнамасы бойынша шығарылған нәтижесі

К/с	Сынып	Реалистік тип	Интеллектуалды тип	Әлеуметтік тип	Конвенционалды тип	Тапқыр тип	Артистік тип
1	9 «ә» сынып	4	2	3	2	4	2
2	Пайызы	25%	10%	20%	10%	25%	10%




21.12.2023 ж күні 9 «Ә» сынып оқушыларынан Дж.Холланд сауалнамасы алынды. Оқушы саны- 17. Сауалнама 17 оқушыдан толық алынды. Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен таныстым.

Кейбіроқушылардың бойына екі қасиет сәкес келді. Атап айтатын болсам Абдимоминов Нұртілеу бойына «әлеуметтік» және «конвенционалды тип», Медеуов Нұрболдың бойына «интеллектуалды» және «әлеуметтік тип» сәйкес келді. Нәтижесінде оқушылардың 25 % реалистік типке, 10% интеллектуалды типке 20% әлеуметтік типке 10 %конвенционалды типке 25% тапқыр типке, 10 % артистік типке жататыны анықталды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды. Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды. Оқушылар өздерінің бойларындағы қасиеттердің көбісі сай келетінін, тіпті ұнататын мамандықтары да көбісінде тура түсіп жатқандығын айтты. Бағалау нәтижесі: Сауалнама алынған 17 оқушы өте қызығушылықпен қатысты. Өздерінің бойларында бар қасиеттер мен сәкес келетін мамандықтарды тапқандарына қатты қуанды. Себебі әлі қандай маман иесі болсам деген сан сұрақтың жауабын таба алмай жүрген оқушыларға көп септігі тиді.

9 А^{«»} сынып оқушыларының Дж.Холландтың сауалнамасы бойынша шығарылған нәтижесі

К/с	Сынып	Реалистік тип	Интеллектуалды тип	Әлеуметтік тип	Конвенционалды тип	Тапқыр тип	Артистік тип
1	9 «а» сынып	5	4	6	5	4	0
2	Пайызы	20%	15%	30 %	20%	15%	0%



21.12.2023 ж күні 9 «А» сынып оқушыларынан Дж.Холланд сауалнамасы алынды. Оқушы саны- 24. Сауалнама 24 оқушыдан толық алынды. Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты. Екі оқушының бойына екі қасиет сәкес келді. Атап айтатын болсам Абдимоминов


Дәулет - «конвенционалды тип» және «тапқыр тип», Ермахан Айханымның бойына «Тапқыр » және «Артистік тип» сәйкес келді. Нәтижесінде оқушылардың 20 % реалистік типке, 15% интеллектуалды типке,30% әлеуметтік типке 20 % конвенционалды типке 15% тапқыр типке, 0 % артистік типке жататыны анықталды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды.Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды.Оқушылар өздерінің бойларындағы қасиеттердің көбісі сай келетінін , тіпті ұнататын мамандықтары да көбісінде тура түсіп жатқандығын айтты.

21.12.2023 ж күні 11 «а» сынып оқушыларынан Дж.Холлонд сауалнамасы алынды.Оқушы саны- 12.Сауалнама 12 оқушыдан толық алынды.Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты.

Нәтижесінде оқушылардың 22.4 % реалистік типке,10 % интеллектуалды типке,22.4 % әлеуметтік типке,10% конвенционалды типке 22.4% тапқыр типке, 10% артистік типке жататыны анықталды. Сыныптың ең көп «реалистік тип» және «тапқыр тип» «әлеуметтік тип» екендігі белгілі болды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды.Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды.

11 «а» сынып оқушыларының Дж.Холландтың сауалнамасы бойынша шығарылған нәтижесі


К/с	Сынып	Реалистік тип	Интеллектуалды тип	Әлеуметтік тип	Конвенционалды тип	Тапқыр тип	Артистік тип
1	11 а сынып	3	1	3	1	3	1
2	Пайызы	22.4%	10%	22.4 %	10%	22.4%	10%



21.12.2023 ж күні 11 «ә» сынып оқушыларынан Дж.Холлонд сауалнамасы алынды. Оқушы саны- 14. Сауалнама 14 оқушыдан толық алынды. Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты. Нәтижесінде оқушылардың 0 % реалистік типке, 20 % интеллектуалды типке, 35 % әлеуметтік типке, 15 % конвенционалды типке 15 % тапқыр типке, 15% артистік типке жататыны анықталды. Сыныптың ең көп «Әлеуметтік тип» екендігі белгілі болды. Оқушыларға бұл типтерге сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды.

11 «ә» сынып оқушыларының Дж.Холландтың сауалнамасы бойынша шығарылған нәтижесі

Қ/с	Сынып	Реалистік тип	Интеллектуалды тип	Әлеуметтік тип	Конвенционалды тип	Тапқыр тип	Артистік тип
1	11 «ә» сынып	0	3	5	2	2	2
2	Пайызы	0%	20%	35%	15%	15%	15%



Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды.

Қаңтар айында мектеп оқушыларына мамандықтар туралы кеңестер беріліп ақпараттандырылып отырды. 9-11 сынып оқушыларына сұранысқа ие мамандықтар туралы кеңес берілді. Мақсаты болашақ мамандықтарын дұрыс таңдау. Қаңтар айының 12 күні мектепті бітіріп кеткен түлектерімен 1 курс студенттері 9,10,11 сынып оқушыларымен «Бүгінгі оқушы-ертеңгі студент» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып өткізілді. АББ келген тапсырма іс-шараларды дер кезінде ұйымдастырылып өткізіп отырдық.



Ақпан айында оқушыларға мамандықтар туралы кеңестер берілді. Тұлға қабілеттерінің психологиялық ерекшеліктері арқылы кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында мамандық таңдауға дайындықтары анықталды. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 4-9 сынып оқушылары сурет салды.



«Кім боламын» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен пікірлесу сабағы өткізілді. Мақсаты болашақ мамандықтарын таңдау барысында ұйымдастырылды.


Кәсіби бағдар беруші:  М.Сатымбекова

«№ 3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

9 сынып оқушыларының 2023–2024 оқу жылындағы мамандық бойынша алынған сауалнама нәтижесі.

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
9 «А»	24	11	13
9 «Ә»	17	8	9
Барлығы	41	19	22



Кәсіби бағдар беруші педагог: М.Сатымбекова


Мектеп директоры: Н.Касымбекова



**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**2023 – 2024 оқу жылының мамандық бойынша алынған сауалнаманың
нәтижесі.**

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
11 «А»	12	9	3
11 «Ә»	14	10	4
Барлығы	26	19	7



Кәсіби бағдар беруші педагог:  М.Сатымбекова

Мектеп директоры:  Н.Касымбекова

